

**А. Т. Шакжанов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы;**  
**Т. Н. Балтабаев, алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы**

## **ЖОЛ-КӨЛІК ҚЫЛМЫСТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация. ЖКО істері бойынша тиісті сараптама тағайындау барысында қажетті сұрақтарға жауап алуға болады: ЖКО нәтижесінде адам деңсаулығына келтірген зиянның ауырлығы; жүргізушінің техникалық ЖКО нәтижесінде адамды қағып кету мүмкіндігі, ЖКО салдарынан келтірген шығының көлемі; ЖКО орнында табылған нақты бір адамға тері бөлшектерінің жамылғысы немесе бұлшық ет ткані; топталғанға жататын немесе жанар –май, лак және бояу шығару және тағы басқа заттар. Сот-медициналық, техникалық, автотехникалық, криминалистикалық, физико-химиялы және басқада сараптама түрлері өткізіледі.*

*Түйін сөздер: жол-көлік оқиғасы, сот сараптамасы, зиян, дене жарақаттары, тергеу, қылмыстық іс, анықтау, алдын ала тергеу, жәбірленуші.*

Біздің қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының даму кезеңінде құқықтық-тәртіпті және заңдылықты күшейту мәселелерінде, соның ішінде жол-көлік қозғалысы үшін өте маңызды құқықтық реформа қажет.

«ЖКО» сөз тіркесінің мағынасы және бірлесу түсінігі, бұл көлік құралдарын пайдалану немесе басқа да жол көлік ережелерін бұзу, оқиға нәтижесінің себеп салдарынан зиян келтіргені анықталған жағдайда, жол-көлік оқиғасы болып танылады. Бірақ барлығы емес, кейбір жол-көлік оқиғасының нәтижесінің салдарынан ауыр дене жарақатын немесе адам өлімі туындаса жол-көлік қылмыстары болып танылады, ол ҚР ҚК талаптарына сай қылмыстық жауапқа тартылады. Ал қалған жол-көлік оқиға жағдайлары, тәртіптік негізде әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапқа тартылады. Жол-көлік оқиғасы, бұл көптеген негізгі себеп салдар жағдайының жиынтығының нәтижесі болып табылады. Жол-көлік ережелерін тәртібін сақтамау себептеріне ықпал ететін, апатқа әкеп соқтыратын, шынайы мән жағдайларын анықтау үшін, ең маңыздысы қылмыстарды тергеу және ашу емес, жол жүру ережесін қамтамасыз ету және көліктерді пайдалану бөлігі болып табылады.

ҚР ҚДЖК 8-бабы 1-бөліміне сәйкес қылмыстық процестің міндеттері болып: қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерлеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, өйткені әрбір адам қылмыс жасағаны үшін әділ жазаға тартылуы тиіс. Кейбір жағдайларда бірде-бір кінәлі адам қылмыстық жауапқа тартылмаған және сотталмаған. Бұл сұрақтар тергеліп және сотта қарастырылып жатқан әрбір қылмыстық істердің өзгешелігіне байланысты шешіледі<sup>1</sup>.

ЖКО қылмыстарын тергеуде анықталған жағдайда ашылған қылмыс болып саналады: ереженің нормасын бұзса; тұлға, тиісті ережені бұзса; ережені бұзғанға жол берген және қоғамға қауіп-қатер түсу салдарынан, адам іс-әрекетінің себебінің байланысының бар болуы; адамның әрекетінде (әрекетсіздік) алаңғасарлық немесе жеңіл салақтылық болу түрі.

Жол-көлік жүру ережелерін бұзу қылмыстары анағұрлым таратылған және қоғамға аса қауіпті. ЖКО көп жағдайда кәдімгі жол жүру ережесін бұзған жерін білуді анықтауға байланысты ойдағыдай алдын ала тергеу органдарының қызметтерін іске асыруда.

Қазіргі кезде елімізде көлік парктерінің көбейуі, жүру ережесінің қарқынды өсуі, көлік құралдарын жүргізетін кәсіптенбеген жүргізушілердің көбейуі — осының барлығы жол-көлік оқиғаларының өсуіне әкеп соқтырады, жиі адамдардың қайтыс болуына және дене жарақаттарына әкеп соқтыруда.

Тәжірибеде жол-көлік оқиғаларын тергеу бойынша ҚР ПМ талдауына және зерттеуіне сәйкес, нақты мәліметтерді келтіруге болады<sup>2</sup>, 21.01.2014 ж. ҚР ПМ Тергеу комитетінің № 4-4-4-45/108-И «2013 жылдың 12 айында Республикада жол-көлік оқиғалары бойынша қылмыстық істерді тергеу туралы» шолуы, 2013 жылы жалпы Республика көлемінде жол-көлік оқиғасы бойынша 23359 оқиға тіркелген (2012 ж. – 14168), оның ішінде 3037 адам қайтыс болған және 29872 жарақаттанған (2012 ж. – 3022 адам қайтыс болған және 17488 жарақаттанған).

Өткен жылдың былтырғы кезеңімен салыстырғанда ЖКО нәтижесі салдарынан қайтыс болғандар саны 0,5 пайызға, жарақат алғандар 70,8 пайызға өскен.

Республикадағы тергеу бөлімдерінің қызмет тәжірибесін талдауда көрсетілген осы санатқа жататын қылмыстық істердің тергеу сапасы төмен, көптеген істер сот қарауына жолданбай, алдын ала тергеуде және анықтауда әртүрлі себептермен қысқартылған немесе тоқтатылған. Мысалы, 2013 жылы Республикада ЖКО бойынша өндірістегі 3011 істің, 59 қысқартылған, 747 іс қана сотқа жолданған.

Көбінесе типтік жағдайларға автокөлік қылмыстарына мүмкіншілдік беретін жалпы түрі: жаяу жүрушілердің және көлік құралдарының жүруді ұйымдастырудың кемшіліктері, көлік құралдарына көшеде және жолда техникалық бақылау; жұртшылық, жол патруль қызметі жағынан ережелерге тиісті бақылау жүргізудің болмауы; көлік жүргізушілерін дайындаудағы жол жүру ережесіне қатысушыларға үгіттеу жұмыстарын жүргізудің кемшіліктері болып табылады.

Осы қылмыс түрін ашуда және тергеуде ішкі істер органдарының қызметкерлерін кәсіби дайындау кемшіліктері төмен дәрежеде, оның бірден-бір себебі болып ЖКО тергеу туралы сұрақтар бойынша қажетті анықтама әдебиеттерінің болмауы болып табылады.

2012 жылы қосымша өндіріске 27 қылмыстық іс, 2013 жылы 30 қылмыстық іс қайтып келген.

Қылмыстық істердің қосымша тергеуге қайтып келу негізі болып, толық көлемде тергеуді жүргізбеу, қажетті барлық сараптамаларды өткізбеу, айыпкердің іс-әрекетін дұрыс сараламау салдарынан болып отыр.

Осы бөлімнің негізгі кемшіліктері қызметкерлердің кәсіби дайындығы нашар болғандықтан емес, алдыңғы кезеңде ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс қолданбай қате жібергендіктен болып табылады.

ЖКО болған жерді қарауды сапасыз жүргізу, оқиға болған жерге жедел-тергеу тобы толық құраммен келмеуі, соның салдарынан оқиға болған жерде іздер сапалы белгіленбейді, заттық дәлелдемелер алынбайды, көлік құралын немқұрайлықпен қарау жүргізеді, әрі қарай көлік құралының оқиға болған жерге қатыстығын дәлелдеуге қиындау болады; ЖКО орнында жүру бөліміне толық мінездеме көрсетілмейді, учаскелік зақым келген көлемі, жолдың жағасы, қарау хаттама үлгісі немқұрайлықпен толтырылады, оқиғаның механизмі көрсетілмейді, түсінікте және өлшемінде қажетті мәліметтер көрсетілмейді де, түсініп оқуға қиынға соғып, қайтадан қосымша қарау жүргізуге тура келеді, өйткені қылмыстық процеске қатысушылар жағынан дәлелді шағымдар түседі. Міне, осы мәселелердің барлығы негізгі болып табылады.

ЖКО бойынша қылмыстық істі тергеу барысында жіберіп алған кемшіліктердің салдарынан, жәбірленуші жақтан ПО қызметкерінің жете білмеушілік әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдар түседі, кейбір жағдайларда шағымдар дәлелді болып шығады.

ЖКО бойынша тергеуді дер кезінде және сапалы жүргізгенде, кінәлілерді анықтап және әділ жаза тағайындау, жол ережелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол бір ескерту шарасы болады.

Сондықтан ЖКО тергеудің сотқа жіберудің маңызды мағынасы бар.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың айтуы бойынша: «Мемлекеттік институттардың жұмыстарын жүзеге асыру. Құқықтық тәртіп негізінде заң алдында тепе-тең. Барлық құқық қорғау жүйесінің жұмыс сапалығын көтеру. Орган қызметкерлері үлкен өкілдікке ие, олардың мінез-құлық айырмашылығы және жоғары кәсіптілігі болу керек»<sup>3</sup>.

Сондықтан, қылмыстық іс бойынша лауазымды тұлға тергеу жоспарын құру қажет. Жоспарлау — бұл тергеушінің шығармашылық жұмысы. Себебі, ЖКО бойынша жасалған басты тергеу әрекетінен бастап, аяғына дейін тергеу және қылмыстық істі сотқа жолдауда, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті анықтау, сонымен қатар, қажетті тергеу болжамдарын құру. Тергеу болжамы — бұл болған істің және жекелеген мән-жайларды тексеруге жататын тергеушінің ойлауы. Болжам бұл тергеушінің жұмыс құралы, тергеу барысындағы өзгеру және алға басу әдістері, ие болу икемділігі болып саналады.

ЖКО тергеуінің бір ерекшелігі — көптеген сараптамалар болып табылады.

Сондықтан ЖКО бойынша қылмыстық істеріне уақытында сот сараптамаларын тағайындау және өткізу, біздің ойымызша, сапалы тергеу жүргізуге мүмкіндік туғызады.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые особенности расследования дорожно-транспортных происшествий.

### **Resume**

This article discusses some of the features of the investigation of road accidents.

---

<sup>1</sup> ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі (17.01.2014 ж. өзгертулер және толықтырулар).

<sup>2</sup> ҚР ІІМ Тергеу комитетінің № 4-4-4-45/108-И «2013 ж. 12 айында Республикада жол-көлік оқиғалары бойынша қылмыстық істерді тергеу туралы» шолуы. 21.01.2014 ж.

<sup>3</sup> Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 17.01.2014 ж. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).